

## Бюджеттік қарыздар бойынша есептеу жүргізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 31 желтоқсан N 1768

Құқық қорғау органдарының алған материалдық құндылықтар үшін берешегін өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Мемлекеттік салық комитеті құқық қорғау органдарына материалдық құндылықтар берген ұйымдар бойынша республикалық бюджетке салық және басқа да міндетті төлемдер жөнінен жалпы сомасы 56839 мың (елу алты миллион сегіз жүз отыз тоғыз мың) теңге берешегіне қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес есептеу жүргізілсін.

Аталған сома құқық қорғау органдарын алған материалдық

құндылықтар үшін берешегін өтеуді қаржыландырудың есебіне есептелсін.

2. Берешекті есептеу аталған соманы 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып жүргізілсін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы-бақылау комитеті құқық қорғау органдарына берілген материалдық құндылықтардың толықтығы мен сапасына, сондай-ақ бағалардың негізділігіне бақылау орнатсын.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
1996 жылғы 31 желтоқсандағы  
N 1768 қаулысына  
қосымша

Құқық қорғау органдарын қаржыландыру есебіне  
есептелетін, республикалық бюджетке төленетін төлемдер  
бойынша берешегі бар ұйымдар мен кәсіпорындардың  
ТІЗБЕСІ

| Ұйымдар, кәсіпорындар және салық төлемдерінің түрлері                        |         | Барлығы (есептеуге қабылданатын сома) |
|------------------------------------------------------------------------------|---------|---------------------------------------|
| 1                                                                            | 2       |                                       |
| 1. "Большевичка" акционерлік қоғамы,<br>Қостанай қаласы                      |         |                                       |
| барлығы                                                                      | 24242   |                                       |
| оның ішінде қосылған құнға салынатын салық бойынша                           | 18178   |                                       |
| заңды тұлғаларға салынатын табыс салығы бойынша                              | 6064    |                                       |
| 2. "Фирма MET Ltd" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Алматы қаласы       | барлығы | 1000                                  |
| оның ішінде қосылған құнға салынатын салық бойынша                           | 1000    |                                       |
| 3. "Кустанай-зернопродукт" акционерлік қоғамы,<br>Қостанай қаласы            |         |                                       |
| барлығы                                                                      | 17828   |                                       |
| оның ішінде қосылған құнға салынатын салық бойынша                           | 17828   |                                       |
| 4. "Орал нан өнімдері комбинаты" акционерлік қоғамы, Орал қаласы             |         |                                       |
| барлығы                                                                      | 557     |                                       |
| оның ішінде экономиканы жаңғырту қоры бойынша                                | 557     |                                       |
| 5. "Латон" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, Алматы қаласы,              | барлығы | 2527                                  |
| оның ішінде қосылған құнға салынатын салық бойынша                           | 2527    |                                       |
| 6 "Көкшетау бизнес мұнай" акционерлік қоғамы,<br>Көкшетау қаласы,            | барлығы | 45                                    |
| оның ішінде заңды тұлғаларға салынатын салық бойынша                         | 45      |                                       |
| 7. "Петропавл ауыр машина жасау зауыты" акционерлік қоғамы, Петропавл қаласы |         |                                       |
| барлығы                                                                      | 10640   |                                       |

оның ішінде қосылған құнға салынатын  
салық бойынша 10640

Жиыны 56839

Оның ішінде құқық қорғау органдары бойынша

Ішкі | Шекара | Мемлекеттік тергеу | Ішкі істер | Ұлттық қауіпсіздік  
әскерлер | әскерлері | комитеті | министрлігі | комитеті

| 3     | 4     | 5    | 6     | 7  |
|-------|-------|------|-------|----|
| 5830  | 18412 |      |       |    |
| 5830  | 12348 |      |       |    |
|       | 6064  |      |       |    |
| 1000  |       |      |       |    |
| 1000  |       |      |       |    |
|       |       | 5677 | 12151 |    |
|       |       | 5677 | 12151 |    |
|       |       | 557  |       |    |
|       |       | 557  |       |    |
|       |       | 2527 |       |    |
|       |       | 2527 |       |    |
|       |       |      | 45    |    |
|       |       |      | 45    |    |
| 10640 |       |      |       |    |
| 10640 |       |      |       |    |
| 17470 | 18412 | 8761 | 12151 | 45 |

